

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзинътаоның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 15 маусымдағы № 82-Ә Өкімі

Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзинътаоның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі 2011 жылғы 12 – 15 маусым кезеңінде Астана қаласында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзинътаоның Қазақстан Республикасына мемлекеттік сапарын (бұдан әрі – сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша) қосымшага сәйкес «1+1+10» форматы бойынша жоғары деңгейде Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын 2011 жылға арналған республикалық бюджетте 001 «Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды адамдарының қызметін қамтамасыз ету» және 003 «Халықтың республикалық деңгейдегі санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы» бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің Астана қаласының әуежайында, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Қытай Халық Республикасы Төрағасының арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

2) Астана қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі сапарды бұкаралық ақпарат құралдарында жария етуді қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі Қазақстан Республикасы Президентінің атынан сапар кезінде концерттік бағдарламалар ұйымдастырын.

7. Астана қаласының әкімдігі Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын Астана қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын орындауды, әуежайды және көшелерді безендіруді, баратын орындарға бірге жүруді, сондай-ақ мәдени бағдарламаларды ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана қаласының әуежайында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзинътаоны қарсы алу және шығарып салу ресми рәсімдеріне қатыссын.

9. Осы өкімнің іске асрылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр *K. Мәсімов*
Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2011 жылғы 15 маусымдағы
№ 82-өкіміне
қосымша

Қытай Халық Республикасының ресми делегациясы мүшелеңдерін
қамтамасыз ету және оларға қызмет көрсету жөніндегі үйымдастыру шаралары

1. Қытай Халық Республикасы ресми делегациясының мүшелерін («1+1+10» форматы бойынша) және Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласының қонақүйінде орналастыру.

2. Баспа өнімдерін (бейдждер, сапардың бағдарламалары, автокөліктеге арнағы рүкьсатнамалар, күверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

3. Қытай Халық Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып
салу кезінде Астана қаласының әуежайында шай дастарханын ұйымдастыру және
гүлдермен беzenдіру.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың атынан Астана қаласында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзинъяоның құрметіне қабылдаулар (таңғы, түскі, кешкі астарын) ұйымдастыру.

5. Делегация басшысы мен мүшелері үшін сыйлықтар мен кәдесыйлар сатып алу.

6. Іс-шараларды өткізу орындарында гулмен, ішкі-тематикалық безендіру және
техникалық қамтамасы з ету.

7. Ресми делегацияның басшысына және мүшелеріне көліктік қызмет көрсету.

8. Ресми делегацияның басшысына және мүшелеріне медициналық қызмет көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК